

KASE АПТАЛЫҒЫ

12–16 Сәуір, 2021

KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ KASE 2021 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша онлайн баспасөз конференциясын [өткізді](#).
- ▲ KASE ресми тізімінен эмитенттің бастамасы бойынша "АЗИЯ АВТО" АҚ [KZ1C00000298](#) (ASAV) жай акциялары, айналым мерзімінің өтуіне байланысты "First Heartland Jusan Bank" АҚ KZ2C00002574 (TSBNb21), KZ2C00002582 (TSBNb22) және KZ2C00002590 (TSBNb23) [облигациялары](#) алып тасталды.
- ▲ KASE ресми тізіміне "Қазақстан Тұрғын үй компаниясы" АҚ [KZ2C00007409](#) (KZIKb34) облигациялары және "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ [KZ2C00007417](#) (BRKZb22) облигациялары енгізілді.
- ▲ KASE Басқармасы "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ шығаруға жоспарланған халықаралық облигацияларының екі шығарылымын KASE ресми тізіміне негізгі сауда-саттық алаңының "Облигациялар" санаты бойынша енгізуге келісім берді.
- ▲ Қазақстан қор биржасында "Технолизинг" ЖШС [KZ2P00007354](#) (THLZb3) және "Қаражыра" АҚ [KZ2C00007144](#) (KZHRb1) облигациялары бойынша сауда-саттық ашылды.
- ▲ "BCC Invest" АҚ-на "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ-ның KZ2C00007300 (KFUSb8) және KZ2C00007334 (KFUSb11) облигациялары бойынша маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- ▲ "Кселл" АҚ US48668g1067 (Kcell) жаһандық депозиттік қолхаттары Т+ Тізімінен және Т+ Қамтамасыз ету тізімінен алып [тасталды](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ Қазақстанның қаржы министрлігі Биржада MEYKAM-084 18-ші шығарылымын (KZKD00001137, MUM084_0018), MEYKAM-180 13-ші шығарылымын ([KZKD00000931](#), MUM180_0013) және MEYKAM-084 17-ші шығарылымын ([KZKD00000881](#), MUM084_0017) орналастырып, 20,9 млрд теңге тартты.
- ▲ "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ KASE 7,8 млрд теңге сомасына KZ2C00007268 (AGKKb16) облигациясын кері сатып [алды](#).
- ▲ Шымкент қаласының әкімдігі Қазақстан қор биржасында KZSE00000023 (SHK060_002) облигацияларын жылдық 10,80 % орналастырып, 4,4 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ "ТехноЛизинг" ЖШС KASE жылдық 17,00% өтеуге кірістілігі бар kz2p00007354 (THLZb3) облигацияларын орналастырып, 1,1 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ "Кселл" АҚ жаһандық депозитарлық қолхаттар бағдарламасының тоқтатылғаны туралы және тиісті депозитарлық келісімнің бұзылғаны туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Кселл" АҚ 2020 жылдың нәтижелері бойынша дивидендтердің ұсынылатын мөлшері туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Қазақтелеком" АҚ Директорлар кеңесі 2020 жылға KZ0009093241 (KZTK) жай акциялары бойынша бір акцияға 1 730,88 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуді [ұсынды](#).
- ▲ "First Heartland Securities" АҚ 2020 жылдың бірінші жартыжылдығына KZ1C00008077 (FHSE) жай акциялары бойынша дивидендтер [төледі](#).
- ▲ "BCC Invest" АҚ 2021 жылдың 01-14 сәуір аралығындағы кезеңде "ЦентрКредит-валюталық" ИПИҚ KZPF00000058 (BCC_cc) пайларын ұстаушыларға дивидендтер төленгені туралы [хабарлады](#).
- ▲ Fitch Ratings "Самұрық-Энерго" АҚ рейтингтерін [растайды](#), болжамы "Позитивті".
- ▲ Fitch Ratings "Қазақстан Халық жинақ банкі АҚ ұзақ мерзімді рейтингін [көтерді](#), болжамы "Тұрақты".
- ▲ Fitch Ratings "Halyk Finance" АҚ рейтингтерін [арттырды](#), болжамы "Тұрақты".

16.04.2021	Трендтер (%)		
KASE Индексі	3 257,53	-0,1	7,9
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7д	Δ 1м
Банк ВТБ	0,3	8,0	22,7
Казхтелерам, прив. акция	14 317,0	7,6	10,1
Казхтелерам	28 840,0	5,6	7,2
Газпром	1 327,0	4,5	-1,0
Народный банк	158,0	3,3	9,5
Сбербанк	1 630,0	1,9	-2,2
KEGOC	1 720,1	1,8	3,1
КазТрансОйл	1 127,0	1,4	4,6
Кселл	2 478,0	1,3	4,2
НАК Казатомпром	12 840,0	0,5	30,8
Банк ЦентрКредит	234,0	-0,4	4,0
Аэрофлот	429,0	-0,7	0,0
Bank of America Corporation	16 860,0	-2,4	6,0
Freedom Holding Corp.	22 100,0	-8,7	0,8
KAZ Minerals	4 390,0	-12,0	-7,6

Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE индексі 0,1 %-ға – 3 257,53 нүктеге дейін төмендеді. Индекстік акциялар арасындағы мәмілелердің ең көп саны – 2 329 мәміле (жалпы үлестің 42,2%) Халық банкінің жай акцияларымен жасалды. Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі "Банк ЦентрКредит" бағалы қағаздарына тиесілі – 322,4 млн теңге (жалпы үлестің 33,7 %).


"Қазақтелекомның" акциялары жұма күні 2019 жылдың сәуірінен бастап максималды белгіде жабылып, Қоғамның Директорлар кеңесінің акционерлердің жылдық жалпы жиналысына (АЖЖЖ) 2020 жылдың нәтижелері бойынша 63,5 млрд теңгені немесе бір жай акцияға 1 730,88 теңгені құрайтын шоғырландырылған таза кірістің 30% мөлшерінде дивидендтер төлеуге берген ұсынымы аясында бір аптаның ішінде 5,6 %-ға секіріп кетті.

Сонымен қатар, Kaz Minerals акциялары Лондон қор биржасынан (LSE) компанияның бағалы қағаздарының делистингі қарсаңында 12,0 %-ға төмендеді. KAZ Minerals акцияларын сатып алу офертасының шарттарын тау-кен компаниясы акцияларының 49,8 % иелері қабылдады. ВТБ тобы NOVA Resources консорциумымен \$5,7 млрд сомасына KAZ Minerals акцияларын сатып алу бойынша мәміленің жабылғаны туралы хабарлады, осылайша, KAZ Minerals мажоритарийлары (оларға тиесілі Nova Resources B. V. арқылы) оларға тиесілі акциялардың 39,37 % ескере отырып, жалпы алғанда KAZ Minerals 89,17 % шоғырландырды.

Сонымен қатар, "Қазатомөнеркәсіп"-тің қағаздары инвесторлардың экологиялық таза энергия көздеріне көшу атом энергетикасына жағымды әсер етеді және уран бағасының өсуіне әкеледі деген үміттерінде өсіп келеді. 2021 жылдың басынан бастап уран өндіретін компаниялардың акцияларын бақылайтын Solactive индексі 35 % өсіп, алты жылдан астам уақыт ішінде максималды деңгейге жетті. Индикатордың өсуі атом энергетикасы 2050 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа қол жеткізуге, қазбалы отынға тәуелділікті төмендетуге ұмылатын елдерге көмектеседі деген үмітпен байланысты. Атом энергетикасы төмен көмірсутекті және жел мен күн энергиясынан айырмашылығы үздіксіз энергия көзі болып табылады. Мәселен, Қытай атом энергетикасының қуатын 2025 жылға қарай ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің көмірді пайдалануды қысқарту жөніндегі жоспары шеңберінде ағымдағы 50 ГВт-тан 70 ГВт-қа дейін арттыруды жоспарлап отыр. Сонымен қатар, Кселл Директорлар кеңесі АЖЖЖ 2020 жылдың қорытындысы бойынша 17,6 млрд теңге мөлшерінде дивидендтердің жылдық төлемін бекітуді ұсынды, бұл шоғырландырылған таза пайданың 100 % құрайды. Бір жай акцияға немесе жаңандық депозитарлық қолхатқа 87,89 теңге келеді. 2019 жылы компания 9 млрд теңге мөлшерінде көлемінде төледі. Осылайша, 2020 жылы төлем шамамен 2 есе артуы мүмкін. Бұдан бұрын хабарланғандай, 2021 жылдың 9 сәуірінде оператордың акционерлері кезектен тыс жалпы жиналыста Лондон қор биржасынан (LSE) және "Астана" халықаралық қаржы орталығының биржасынан (AIX) жаңандық депозитарлық қолхаттардың (GDR) делистингін мақұлдады. Ұялы байланыс операторының акциялары 1,3 %-ға өсті.


KASE Индексінің акциялары

■ Сауда-саттық көлемі, млн теңге (←)
— KASE Индекс i(→)



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі


— Жеке тұлға, % — Бейрезиденттер, %






Мемлекеттік бағалы қағаздармен бір күн мерзімге жасалатын репо операцияларының кірістілігі жылдық 9,14 % деңгейіне дейін 71 б.н. ұлғайды. АҚШ долларының кепілдігімен теңгенің қарыз алу мөлшерлемесі 7 б.н. өсіп, жылдық 8,08 % құрады. Есептік кезеңде бір күнге теңгелік өтімділіктің қарыз алудың орташа көлемі 326,0 млрд теңгені құрады (алдыңғы аптадағы ұқсас көрсеткішке +55,0 %).


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



Основные параметры размещения нот НБРК



Тәуекелсіз қисық кірістілігі





АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамы 2,76 теңгеге (0,6 %) 430,39 теңгеге дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жиынтық көлемі \$718,6 млн құрады (өткен аптадағы ұқсас көрсеткіштен -7,1%). АҚШ долларын сатып алу және сату бойынша мәмілелердің жалпы саны 2 000 құрады (өткен аптадағы ұқсас көрсеткішке -406). Максималды баға бір АҚШ доллары үшін 433,80 теңгені, минималды баға – 429,00 теңгені құрады.

Теңге ұзақ уақыт әлсірегеннен кейін АҚШ долларына қатысты нығая түсті. Ұлттық валютаны қолдау Ресей рублінің нығаюы болды, ол өткен аптада 2020 жылдың қараша айының басынан бастап АҚШ жаңа санкцияларын енгізу және Украинаның оңтүстік-шығысындағы қақтығыстың ушығу қаупі аясында минималды деңгейге жетті. Ресей президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесу барысында АҚШ президенті Джо Байден Ресей басшысын алдағы айларда "үшінші елде" екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастағы мәселелердің толық спектрін талқылау үшін кездесуге шақырғаннан кейін рубль нығая бастады. Сонымен қатар, нарықтағы позитив инвесторлардың АҚШ-тың Ресейге қарсы санкцияларын күткеннен гөрі "жұмсақ" болғанымен қолданды.

Бұдан басқа, ҚХР мен АҚШ экономикасы бойынша оң статистикалық деректердің жариялануы аясында мұнай котировкаларының өсуі теңгенің пайдасына ойнады. Қытайда наурыз айында экспорт күрт өсті, ал импорттың өсуі төрт жылда максималды болды. Мұнай импорты наурыз айында 21% - ға өсті. Сонымен бірге, пандемия басталғаннан бері Штаттарда жұмыссыздық бойынша жаңа өтініштер саны төмендеді, наурыз айында бөлшек сауданың өсу қарқыны өткен жылдың мамыр айынан бастап максималды болды және болжамнан едәуір асып түсті.



Лондондағы ICE Futures биржасында Brent маркалы мұнайдың маусым айындағы фьючерстерінің құны жұма күні барреліне \$66,77 (+6,0%) деңгейінде жабылды. Мәскеу биржасындағы Ресей рубліне АҚШ долларының бағамы 75,8268 рубльді (-1,7%) құрады.

Ресей рублінің құны 0,0344 теңгеге (0,6 %) өсіп – 5,6556 теңгеге дейін жетті. Қытай юаны 0,0295 теңгеге (0,04 %) арзандап – 65,9942 теңгеге дейін түсті. Еуро 0,77 теңге жоғалтып (0,2%) – 515,23 теңгеге дейін арзандады.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы

Brent мұнай құны

USD/баррель



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2020, %
— GBPKZT	593,29	-0,2	2,4	3,9
— USDKZT	430,26	-0,6	2,7	2,3
— EURKZT	515,32	0,3	3,1	-0,2
— CNYKZT	65,99	-0,2	2,4	2,3
— RUBKZT	5,61	-0,2	-2,4	-0,7

Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер						Шикізат нарығы					16.04.2021
Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс	Атауы	Бағасы	Тренд %			
		7к	1а	1ж				7к	1а	1ж	
S&P 500	4 185,47	1,4	5,3	49,5	1,4	Мұнай (Brent)	66,77	6,1	-1,8	140,0	
Dow Jones	34 200,67	1,2	3,6	45,3	1,2	Мұнай (WTI)	63,13	6,4	-2,3	217,7	
PTC	1 497,05	5,6	0,2	40,3	5,5	Табиғи газ	2,68	6,1	6,0	59,0	
ММВБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	5,5	Мыс	416,80	3,2	1,0	81,9	
Hang Seng	28 969,71	0,9	-0,2	20,7	1,2	Темір	1 175,50	-1,2	0,1	72,5	
SS CSI 300	4 966,18	-1,4	-2,6	30,6	-1,6	Алтын	1 776,51	1,9	1,8	3,4	
Euro Stoxx 50	4 032,99	1,4	4,8	43,4	1,5	Күміс	26,11	3,1	0,3	67,1	
FTSEuroFirst	4 410,50	1,3	3,6	33,2	1,3	Астық	652,50	2,2	2,0	23,2	
FTSE 100	7 019,53	1,5	3,8	24,7	1,4						
KASE	3 257,53	-0,1	7,9	43,7							

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі				Валюта	Болжам	Алдыңғы
20.04	ҚҰБ базалық несиелік мөлшерлемесі			CNY		3,85%
21.04	Шикі мұнай қорлары			USD		-5,889М
22.04	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (сәу)			EUR		
22.04	Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдер саны			USD	625K	576K
23.04	Германияның өндірістік секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (сәу)			EUR	65,9	66,6
23.04	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (сәу)			RUB	4,75%	4,50%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

B – миллиард
M – миллион
K – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы	Мәні	Күні	2020 жыл басына
Жылдық инфляция	7,0%	01.04.21	5,6%
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	34 674	01.02.21	35 638
Қаржы базасы, млрд KZT	9 173,8	01.01.21	8 652,5
Қаржы массасы, млрд KZT	25 392,0	01.01.21	20 875,8
Қазақстанның несие рейтингі	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-/A-3 тұрақты	06.03.21	BBB- тұрақты
	Вaa3 позитивті	17.02.21	Вaa3 позитивті
	BBB тұрақты	20.02.21	BBB тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.